

The book cover features a night sky with a large, glowing white crescent moon and several bright, multi-pointed stars. Below the sky is a desert landscape with rolling sand dunes in shades of orange and brown. In the foreground, there are several stalks of dry, golden-brown grain. The entire scene is framed by a dark blue border with decorative gold and white scrollwork in the corners.

**Әділ,
әсем
әлем**

М.А.Азбанбаев

М.А. Азбанбаев

Әділ,

әсем

әлем

Қарағанды, 2005

ББК 67.0
А 35

Азбанбаев М.А.

А 35 Әділ, әсем элем. - Караганда: ТОО «Арко», 2005

ISBN 9965-442-30-4

Бұл кітапта автордың 2004-2005 жылдары жазған ғылыми-құқықтық мақалалары жинақталған.

В этой книге собраны научно-правовые статьи автора за 2004-2005 года.

ББК 67.0

А 1201000000
00 (05)-05

ISBN 9965-442-30-4

© Азбанбаев М.А., 2005

*Мен сене алмаймын.
Қазақстанға сенгеннің,
басынан базары ұшқанға.*

Т.Айбергенов

Конституция әлеуетінің даму бағыты.

«Қазақстанда тәуелсіз мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуындағы Конституцияның ролі»: ҚР Конституциясының 10 жылдығына арналған халықаралық ғыл.-практ.конф-ның материалдары.- Қараганды: ҚарМУ баспасы, 2005. 73 бет.

Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің қазіргі даму сатысында елдегі заңдарды Республика Конституциясы нормаларына сәйкес келтіру талабы конституциялық құрылыстың теориялық-тәжірибелік мәселелерімен тікелей байланысты Республика Президентінің Жарлығымен күн тәртібіне қойылып отыр.[1;4]

Мұндай қажеттілік Қазақстан Республикасының Конституцияның 4 бабының 1 тармағындағы Республика заңдары қолданылатын құқық ретінде танылуы үшін олардың Конституция нормаларына сәйкес болуы міндетті шарт деп көздеген құқықтық нормадан туындайды. [2;4]

Осы тармақтың мән-мазмұнына сай Конституция нормаларына сәйкес емес заңдар қолданылатын құқық ретінде танылмайды дейтін ереже шығады. Дәл осындай құқықтық ойтұжырым Конституцияның 62 бабының 7 тармағындағы Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс деген құқықтық нормада да көзделген.[3;62]

Конституция нормаларына сәйкес емес заңдардың болуы ең біріншіден Конституция қағидаларын орындамау мен қатар азаматтардың құқықтарын шектеуге ұласады. Мысалы, Конституциялық Кеңестің 2005 жылғы 27 маусымдағы Парламентке жолдауында Конституцияның 7 бабының 1 тармағы мен 93 бабындағы құқықтық нормаларды «мемлекеттік органдардың орындауы тиісті деңгейде еместігі» аталған.[4;93]

Жолдауда ең жоғары заңдық күші бар деп танылатын нормативтік құқықтық актінің тиісті түрде орындалмау себебі айқын, анық ашып көрсетілмеген.

Конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету мәселелерін шешу жолдары мен тетіктері Конституция нормаларын өз мәнінде, іс жүзінде толық жүзеге асыруда жатыр. Бұл ойымызды біз 2005 жылдың 27 мамырында Қазақстан Республикасы Тіл комитеті өткізген пікір алмасуда білдіргенбіз.[5;1]

Нормативтік құқықтық актілердің орындалмау немесе тиісті түрде орындалмауы негізгі заңда қабылдануы көзделген нормалардың тиісті заңдарда нақты көрініс тауып дамытылмауында жатыр.

Мәселен, Конституцияның 7 бабының 1 тармағы қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның 8 бабы орыс тіліне де мемлекеттік органдарда жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі ретінде қазақ тілімен қатар орыс тілін ресми түрде тең қолданылуға мүмкіндік береді.[6;8]

Аталған заңдағы мемлекеттік органдарда орыс тілінің ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылуы туралы құқықтық норма Конституцияның 7 бабының 1 және 2 тармақтарына қайшы келеді. Конституцияның 7 бабының 2 тармағында орыс тіліне ресми түрде тек мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ғана қазақ тілімен тең қолданылуға мүмкіндік берілген. Тіл туралы заңның 8-бабымен бірге 9, 10 баптары да Конституция нормаларына сәйкес келтірілуге жатады. Осы уақытқа шейін Конституцияның 7 бабындағы нормалардың өз мәнінде орындалмауының басты құқықтық кедергі, себебі негізгі заңда көзделген арнаулы заңның қабылданбауында болып отыр.

Ойымыз нақты, дәлелді болу үшін Конституцияның 93 бабын толықтай келтірейік: «Конституцияның 7 бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті».

93 баптың мазмұнынан осы құқықтық нормада көрсетілген міндеттер атқару Арнаулы Заңға сәйкес жүзеге асырылуға

жататындығы туындайды. Арнаулы заңның реттейтін қоғамдық қатынастардың бірі азаматтардың мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін еркін әрі тегін меңгеру құқығы болып табылады. Екіншісі, азаматтардың осы құқығын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайдың бәрін жасауға тиісті мемлекеттік органдардың міндеті. Бұл құқықтық нормада көзделген азаматтардың құқығы Конституцияның қорытынды және өтпелі ережелер деп аталаған бөлімінде көзделуі Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының тарихи қалыптасу ерекшелігіне байланысты.

Конституцияда ескерілген осы ерекшелікке сай мақалада сөз болатын мәселе басқа елдердің құқықтық тәжірибесіне сілтеме жасамай Республикадағы заңдардың негізінде ғана қаралады.

Сондықтанда, арнаулы заңды болашақты көздейтін, Конституцияның біртұтас мәнінен тыс шығарылған, арнайы, өзі реттейтін тиісті мәселесі Конституцияда көзделген нормативтік құқықтық актілер санатына жатқызамыз.

Біздің бұл ойымыз Конституцияның 92 бабының 1 және 2 тармақтарындағы заңдар жөніндегі ережелерге сәйкес келеді. Аталған баптың 1 тармағында конституциялық заңдар деп аталған заңдар туралы көрсетілсе, 2 тармағында Конституцияда аталған өзге заңдар туралы сөз болады.

Осы «өзге заңдар» деп аталған заңдардың қатарына 93 бапта көзделген арнаулы заңды енгізуге толық құқықтық негіз бар. Арнаулы заң нысанына нұсқау Конституцияның 62 бабының 8 тармағында да бар.

Нысаны Конституцияда аталған осы нормативтік құқықтық актінің тақырыбы өзінің реттейтін ісінен білінеді: «Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі туралы» Қазақстан Республикасының арнаулы заңы.

Негізінде, 93 бапта көзделген азаматтардың мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығы екі бөліктен тұрады. Екі бөлігіде іштей тығыз байланысты, бір біріне тәуелді, сонысымен осы құқықтық норманың тұтастығын, бүтіндігін қамтамасыз етеді. Ол осы құқыққа негіз болып табылатын, құқықтық

норманың құрамына кіретін негізгі ұғымдарды талдаудан көрінеді.

Бірінші ұғым еркін, яғни Қазақстан Республикасы азаматтарының тәуелсіз, ерікті түрде, өз бетінше, еш кедергісіз, қалауынша қазақ тілін меңгеруі. Осы құқықтық талапқа сай мемлекеттік тілді меңгеруде азаматтарға ешқандай, ешкімнің тарапынан мәжбірлеуге, міндеттеуге жол берілмейді. Республика азаматтары өздеріне берілген мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығын өз қалауынша пайдаланады. Азаматтардың өздеріне берілген осы құқығын жүзеге асырудан бас тартуы, заң құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтың тоқталуына әкеп соқтырмайды.

Екінші ұғым тегін, яғни Қазақстан Республикасы азаматтарының республикалық, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен акчсыз, пұлсыз, төлеусіз мемлекеттік тілді меңгеруі. Азамат өз есебінен ешқандай да қаржы, ақы шығармай мемлекеттік тілді меңгеру мүмкіндігіне ие болуы. Мемлекеттік тілді меңгеру мүддесі үшін азаматтардан ақы талап етілмейді, мемлекеттік арнайы құрылымдарда қазақ тілін тегін меңгеруге кепілдік беріледі.

Еркіндік дегеніміз адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы.

Бұдан, Республика азаматы аталған арнаулы заң негізінде мемлекет органдары мен лауазымды адамдарының алдына өзінің құқығын Конституцияға, қолданыстағы құқыққа сәйкес қамтамасыз етуге талап қоюына құқығы барлығы шығады. Оны Республика азаматы сотқа арыз беру арқылы заң мен сот алдында қорғау құқығы арқылы жүзеге асыра алады.

Конституцияда көзделген азаматтардың осы құқығының жүзеге асырылуына қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасау міндеті Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелген.

Міндеттерді жүзеге асыру мақсатында бірінші кезекте Үкімет құрамына кірмейтін уәкілетті орган болып саналатын орталық атқарушы органның күзіретін арнаулы заңда нақты

көздеу қажет. Мұндай уәкілетті орган болып Мемлекеттік тіл комитетін құру Конституцияның 93 бабының мазмұнынан туындайды. Ол мемлекеттік тілді меңгеру үшін құрылған оқу-әдістемелік Орталығына басшылық жасау құзіретіне ие болуы тиіс. Мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығы Республиканың барлық азаматтарына тиесілі болғандықтан оның бүкіл аумағын қамтитын филиалдары бар бір Орталық болуы заңды және негізді. Оның нысаны - Мемлекеттік тіл меңгеру институты. Оқу әдістемелік мемлекеттік құрылым - мемлекеттік мекеме. Мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарының бірыңғай жүйесі нормативтік құқықтық негізде құрылғаны жөн. Тегін меңгеру міндетін мемлекет өз жауаптылығына алғандықтан бұндай жүйе мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы заңды. Арнаулы заңда аталған мемлекеттік органдар мен құрылымдардың құзіреттері мен міндеттері нақты, айқын көрсетілумен қатар жауаптылық мәселелері көзделуі міндетті. Арнаулы заң нормативтік құқықтық акті болғандықтан онда мақсат, мүдде, мүмкіндік, міндет, жауаптылық бірдей қамтылуға жатады. Сонда ғана арнаулы заңның негізінде Конституцияның 7 бабын жүзеге асыруға қол жеткізуге болады.

Республика азаматтарының аталған құқығын және конституциялық құрылысты қорғау мәселесін жүзеге асыру мақсатында біз негізі мемлекеттік тілді меңгеру дегеніміз деген қандай ұғым екендігін жалпы құқықтық тұрғыдан қалай түсіну қажеттілігі заң ғылымында, қолданыстағы құқықта қалай қарастырылғанына тоқталайық. Осы сұрақта біз Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасы Конституцияның 41 бабының 2 тармағына ресми түсіндірме берген қаулысын басшылыққа алғанды орынды санаймыз. Қаулыда мемлекеттік тілді еркін меңгерген деген сөзге қатысты орыс тіліндегі мәтінін келтірейік: «Норму пункта 2 статьи 41 Конституции Республики Казахстан в части слов «свободно владеющий государственным языком» следует понимать как умение грамотно читать, писать, легко, без затруднений излагать свои мысли и публично выступать на казахском языке».

Осы мәтіндегі келтірілген қазақ тілінде сауатты оқу, жазу, еш қиындықсыз, жеңіл өз ойын жеткізу, көпшілік алдында сөйлей білу талаптарына сай болу мемлекеттік тілді еркін меңгерген ұғымы туады.

Мемлекеттік тілді еркін меңгеру ұғымының мағынасын заң термині ретінде конституциялық құқық бойынша мәнін нақтылай түскен қажет.

Бұл ұғым Конституцияның 41 бабының 2 тармағымен қатар оның 58 бабының 1 тармағында да көзделген. Осы құқықтық нормаға сәйкес Парламент палаталарын мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан сайланған төрағалар басқарады. Аталған құқықтық норманың мазмұнынан мемлекеттік тілді еркін меңгерген депутатты қазақ тілін меңгерген парламент депутаттарының арасынан сайлауға мүмкін екендігі көрінеді. Еркін меңгерген тек қана сол тілді меңгергендердің арасынан шығатыны белгілі.

Президент пен бірге Парламент, Республика Үкіметі мен қоса өзге де мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді еркін меңгерген азаматтар болу тиістілігі Конституцияның 3 бабының 3 тармағындағы келесі ережеден де көруге болады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, ондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізеді.

Осындай тұжырымға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңының 23 бабындағы «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді» деген абзацтағы құқықтық норма да негіз болады. Бұл ережеден тағы да мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білу ұғымы туындайды.

Нормативтік құқықтық актілер туралы заңының 18 бабының 2 тармағында нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары мен заң терминологиясы сақтала отырып жазылады

делінген. Бұдан нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, ұсынуға, талқылауға қатысы бар азаматтардың әдеби тіл және заң терминологияларын тиісті дәрежеде білумен қатар оны орынды қолдана білу міндеті туындайды.

Талданған заңдардың құқықтық нормаларынан мемлекеттік тілді білуге қатысты заң ұғымдарын төменгідей саралауға болады:

1. Мемлекеттік тілді меңгерген.
2. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген.
3. Қазақтың әдеби тілі нормаларын және заң терминологиясын игерген.
4. Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білу.

Ұсынылып отырған заң ұғымдарын саралау мемлекеттік тілді еркін меңгеру ұғымының мәні, мазмұны Конституция қағидалары мен қолданыстағы заңдарға сәйкес тиісті тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық акті арқылы нақты белгілену қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттік тілді білу талабы бойынша заңдарда мынандай субъектілер тізбесі құралады:

1. Президент
2. Мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарындағы лауазымды тұлғалар.
3. Мемлекеттік қызметші.
4. Заң тізбесінде көзделген кәсіп, мамандық, лауазым иелері.

Мемлекеттік тілді меңгеру парызы көрсетілген Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңның 4 бабы бойынша:

1. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы.

Біздің ұсынып отырған осы заң ұғымдарын саралау шартты болғанмен Конституцияның мемлекеттік тілге қатысты ережелер мазмұнын, мәнін нақты белгілеу және оны дұрыс түсіну туралы пікірлерді тұжырымдайтын шешім қабылдау үшін қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, біздің ұсынымыз мемлекеттік органдарының мемлекеттік тілді меңгеруге қатысты қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласындағы міндеттері, функциялары мен

күзіретін заңдарда мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша айқын ажыратылып белгіленуге тиісті деп көзделген Нормативтік құқықтық актілер туралы заңның 18 бабының 1 тармағындағы құқықтық нормамен тікелей байланысты.[7;18]

Негізінде Конституциялық кеңестің 2005 жылғы жолдауында аталғандай Конституцияның 7 бабының 1 тармағы мен 93 баптың ережелерін мемлекеттік органдардың орындауы тиісті деңгейде еместігінің басты себебі міндеттер, функциялар мен күзіреттердің айқын ажыратылып қолданыстағы заңдарда белгіленбеуі.

Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңның 4 бабында Конституцияның 93 бабындағы ережені қайталауы мәселені нақты шешпейді. Аталған заңның 2 бабында осы заңның реттейтін мәселесі Конституцияның 93 бабындағы ережеден тіптен бөлек. Бұл заңның реттейтін мәселесі тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар.

Ал, Конституцияның 93 бабындағы мәселе нақты бір ғана мемлекеттік тілді меңгеру мәселесіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге жататын ереже көзделген. Конституцияның 93 бабындағы көзделген құқықтық норманың қисыны осы мәселені арнаулы заңға сәйкес реттеуге жататындығын бекітеді. Конституцияда аталған арнаулы заңды қабылдау элеуметтік өмірді құқықтық тұрғыдан қоғамдық мүддеге, конституциялық құрылыстың қағидаларына сай реттеуге мүмкіндік берер еді.

Конституцияның 1 бабының 1 тармағында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және элеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп жарияланған. Осы құқықтық нормадағы «орнықтырады» деген сөз жанағы мемлекеттің конституциялық мінездемесіне уақытша белгісіздік және мән-мазмұндық аяқталмағандық белгісін береді деп санайды ғалым Г.П.Лупарев.[8;66] Конституцияда жарияланған идеалдың тұрақтылық сипатқа ие болуы үшін нормативтік құқықтық базаны уақытылы жетілдіру қажет. Қолданыстағы құқық аясын жетілдіру мәселесі тіл құрылысынан басқа сот ісін жүргізу барысында процеске қатысушылардың конституциялық

кепілдіктерін заңдарда өз дәрежесіне сай баянды ету мәселесі де баршылық.[9;3] Мәселен, Конституцияның 18 бабының 3 тармағында мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Конституциялық ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (бұдан әрі қарай ҚІЖК), көзделген іс жүргізу әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығын жүзеге асыру тәртібі толық ашып көрсетілмеген. Әсіресе үкімді орындау сатысында процеске қатысушылардың ҚІЖК-де көзделген шағымдану бостандығын жүзеге асыру мүмкіндігі 457 бапта көрсетілгенмен оның нақты жүзеге асыратын құқықтық тетігі қарастырылмаған. Мәселен, ҚІЖК-нің 453 бабының 3 тармағында көрсетілген жағдайда, яғни Қазақстан республикасының Қылмыстық кодексінің 70 бабы бойынша жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, сот отырысына өзіне қатысты іс қаралатын сотталушының қатысу міндеттілігі 455 баптың 4 тармағында айтылған. Алайда, қаралатын іс бойынша сотталушыдан басқа қылмыстық процеске қатысушылардың сот отырысына қатысу құқығы көзделмеген. Біз, бұл арада жеке адамдарға қарсы қылмыстарға қатысты қаралған қылмыстық істер жайын қозғап отырмыз. Жаза мемлекеттік мәжбірлеу шарасы болғанымен оның әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру мақсатында да қолданылатынын ескерсек сот отырысына ауыр және аса ауыр қылмыстар санаты бойынша жәбірленуші тараптың ҚІЖК-нің 453 бабында көрсетілген барлық жағдайларда шақырылуын қарастырған негізді және заңды болар еді. Істі процессуалдық мерзімде қарауды қамтамасыз ету үшін аталған адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды деген ескерту енгізілсе жеткілікті.

Статистикалық есеп бойынша бір Қарағанды облысында 12 түзеу колониясы орналасқан, онда 7500 сотталушылар бар. 2004 жылы жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату

істері бұрынғы жылдарға қарағанда 3 есе өскен. Сот тәжірибесін саралағанда түзеу мекемелері мен соттардың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабының талаптарын өз мәнінде сақтамай қарағандығы, аталған істер бойынша елеулі түрде заң бұзушылық фактілерінің орын алғаны белгілі. Егерде, осы істерге жәбірленуші тараптың да қатысу құқығы қарастырылса, бұл қаулыларға дер кезінде шағым жасалып апелляциялық тәртіппен қаралар еді. Жәбірленуші тараптардың аталған құқықтарға ие болмауы салдарынан заңсыз қаулылар прокурордың қадағалау тәртібімен түсірілген наразылықтары негізінде ғана күші жойылды. Аталған істер сол қылмыстық іс бойынша сот процесстеріне қатысқан азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне тікелей қатысты. Конституцияның 18 бабының 3 тармағы бойынша түзеу колониясының әкімшілігі мен сот осы істер бойынша мүдделі азаматтарға танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Конституциялық ереже Қылмыстық істер жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне нақты құқықтық нормалар ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

Сот процесіне қатысушы тарапқа бұндай құқықтық мүмкіншілік беру Конституцияның 77 бабының 3 тармағының 4 тармақшасында көзделген «сотта әркім өз сөзін тындатуға құқылы» деген принциптен де туындайды. Сонымен қатар, заңдарға бұндай толықтырулардың қажеттілігі Конституцияның 1 бабының 1 тармағындағы көзделген Республиканың ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген мақсат, мүддеге негізделеді. ҚІЖК-нің 455 бабының 7 тармағы бойынша егер мәселе үкімді орындаудың азаматтық талап бөлігіне қатысты болса, сот отырысына сондай-ақ азаматтық талапкер немесе оның өкілі шақырылады. Қылмыстық-атқару заңдарының бір мақсаты элеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру болатын болса, онда сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейді деп тану процесіне жәбірленуші қатысу құқығына неге ие болмасқа. Конституцияда қорғалу құқығы мен кепілдіктері көрсетілген құндылықтар өз дәрежесінде қолданыстағы заңдарда да көрініс табуы Конституцияның элеуетін одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Жәбірленуші тарапқа үкімді орындауға байланысты мәселелер бойынша сот отырыстарына шақырылуға, қатысуға құқықтық мүмкіндікті ҚІЖК-ке енгізуге заңды негіз жеткілікті.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы №1568 Жарлығы «Қазақстан Республикасы Конституциясының элеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы»// Егемен Қазақстан, 2005 ж. 6 мамыр. № 95-96.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 4-баб, 1-тармақ.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 62 баб, 7-тармақ.
4. «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау»// Егемен Қазақстан, 28 маусым, сейсенбі 2005ж.
5. Языковой Ренессанс// Казахстанская Правда 28.05.2005 ж..
6. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 11 шілде№ 151- I.
7. Нормативтік құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының заңы 199 жылғы 24 наурыздағы № 213
8. Г.П.Лупарев. Мемлекеттің сипаттамасы.(Мазмұны мен маңызы) Құқық және саясат.// Ғылыми құқықтық журнал, №4, 2005. Ресей Федерациясы.
9. Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау.// Егемен Қазақстан, 28 маусым, сейсенбі 2005 ж.
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.
11. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.
12. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.

Обеспечение конституционного права граждан РК есть защита конституционного строя.

«Казахстанская Правда»
6 августа, 2005 г., №209-210
(«Язык по закону»).

В послании Конституционного совета «О состоянии конституционной законности в Республике Казахстан» отмечено, что недостаточно эффективная и несвоевременная реализация положений Основного закона в законодательстве и правоприменительной практике принижает его значение и авторитет, порождает необоснованную критику Конституции. Указано на наличие общей проблемы - неисполнения или ненадлежащего исполнения нормативных правовых актов.

Так, пункт 1 статьи 7 Конституции придает казахскому языку статус государственного. В соответствии со статьей 93 Основного закона в целях реализации указанной нормы Правительство, местные представительные и исполнительные органы обязаны создать все необходимые организационные, материальные и технические условия для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами страны в соответствии со специальным законом. Однако выполнение государственными органами данных положений Конституции не соответствует должному уровню. Таков вывод Конституционного совета.

Естественно возникает вопрос, требующий своего ответа: в чём причина неисполнения указанных положений Конституции государственными органами.

По нашему мнению в отсутствии законодательного акта в виде специального закона, предметом которого и является положение, изложенное в статье 93 Конституции. Основной закон прямо указывает на форму нормативного правового акта. Специальный закон - закон, названный в Конституции Республики Казахстан специальным, принимаемый в порядке, установленном пунктом 2 статьи 92 Конституции Республики Казахстан.

Обоснованность нашего мнения о наличии в Конституции такой формы нормативного правового акта вытекает из самого содержания статьи 93 Конституции. Также из содержания пункта 2 статьи 92 Конституции гласящей о том, что иные названные в конституции законы должны быть приняты в порядке и сроки, определяемые Парламентом, но не позднее двух лет со дня вступления Конституции в силу. Исходя из смысла данной нормы, следует к числу иных законов отнести и специальный закон, названный в статье 93 Конституции. Речь о такой форме закона, названный как специальный закон идет и в пункте 8 статьи 62 Конституции, положения которого также требуют своего должного юридического развития. Тем самым, в Конституции страны наряду с конституционными законами предусматривает и такую форму закона как специальный. Почему специальный? Потому, что в Конституции предусмотрен специальный предмет регулирования данного нормативного правового акта. В статье 93 Конституции данный предмет обозначен однозначно и отчетливо. Обязанность создания всех необходимых организационных, материальных и технических условий для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами Республики Казахстан. По существу Конституция страны устанавливает и гарантирует гражданам страны право на свободное и бесплатное овладения государственным языком.

Юридическим гарантом обеспечения данного права граждан должен выступить специальный закон, устанавливающий обязанность Правительства, местных представительных, и исполнительных органов по созданию всех условий, указанных в статье 93 Конституции. Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» не является специальным законом, указанным в Конституции. В соответствии со статьей 2 названного закона предметом его регулирования являются общественные отношения, возникающие в связи с употреблением языков в деятельности государственных, негосударственных организаций и органов местного самоуправления. Отличие предмета регулирования данного закона и положений статьи 93 Конституции бесспорно и очевидно. Наличие в статье 4 названного закона поло-

жения статьи 93 Конституции также не даёт основания для утверждения, что этот закон является тем самым специальным законом, указанным в Конституции. По нашему мнению все вопросы в отношении положения государственного статуса казахского языка можно снять и разрешить правовым механизмом, предусмотренным в самой Конституции. Для этого предлагается принять следующий законодательный акт: Специальный закон Республики Казахстан «О свободном и бесплатном овладении государственным языком». В соответствии со статьями 7, 93 Конституции Республики Казахстан настоящий специальный закон определяет право всех граждан Республики Казахстан на свободное и бесплатное овладение государственным языком, обязанность Правительства Республики Казахстан, местных представительных и исполнительных органов по созданию всех необходимых организационных, материальных и технических условия для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами Республики Казахстан, правовую основу ответственности Республики Казахстан в лице своих государственных органов и должностных лиц по этому вопросу, обеспечивает государственный статус казахского языка. Данный закон включает в себя права граждан в ходе овладения государственным языком. Обязанность самой Республики, Правительства, местных представительных и исполнительных органов. Предусматривает компетенцию уполномоченного органа, единую республиканскую систему овладения государственным языком, компетенцию и порядок образования государственной комиссии. В основе специального закона находится положение Конституции о праве гражданина на свободное овладение государственным языком, то есть её независимое, самостоятельное, беспрепятственное осуществление, по собственному желанию, усмотрению. Права гражданина на бесплатное овладение, предполагает уже обязанность государства. Необходимость принятия такого специального закона вытекает также из пункта 4 статьи 33 Конституции, гласящий о том, что граждане Республики имеют равное право на доступ к государственной службе. Требования, предъявляемые к кандидату на должность государст-

венного служащего, обуславливаются только характером должностных обязанностей и устанавливаются законом. В случае разработки проекта закона, устанавливающего перечень профессий, специальностей и должностей, для которых необходимо знание государственного языка в определенном объеме работчики, безусловно, осознают необходимость специального закона, предусмотренного статьей 93 Конституции. Мы - Республика Казахстан утверждаем себя как правовое государство. Любой гражданин, претендующий на профессии, специальности, должности, указанные в перечне может заявить о нарушении его права на свободное и бесплатное овладение казахским языком. ссылаясь на отсутствие специального закона, прямо предусмотренного Конституцией. Все курсы обучения казахскому языку в соответствии с государственной программой не могут послужить основанием для принятия закона о перечнях. В послании Конституционного совета правомерно и обоснованно указано на то, что потенциал Конституции раскрывается по мере развития государства и достижения необходимых политических, экономических и социальных условий, а также юридических гарантий. На данном этапе государственного и общественного развития считаем возможным и необходимым принятием специального закона. Оно выступит юридической гарантией обеспечения прав граждан и защитой конституционного строя. Нам всем известно, что в печати и в обществе остро обсуждаются положения статьи 7 Конституции Республики Казахстан. Этому с одной стороны способствует наличие в статье 8 Закона о языках в Республике Казахстан положения об официальном употреблении русского языка в качестве языка работы и делопроизводства в государственных органах наравне с казахским языком. Такая возможность противоречит правовой норме, предусмотренной в статье 5 названного закона и пункту 2 статьи 7 Конституции. В этих нормах права предусмотрено, что в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским употребляется русский язык. Указанное нами положение в статье 8 Закона о языках возможно было необходимо на начальном этапе развития независимого государства и выполни-

ла свою задачу. В данное же время может выступить правовым препятствием в реализации потенциала Конституции. Разработка и принятие предлагаемого нами специального закона создаст возможность для реализации прав граждан, предусмотренных ст.93, п. 4 статьи 33 Конституции Республики Казахстан и предпосылку для приведения статьи 8 Закона о языках в соответствии с положениями Конституции. Проект разработанного нами специального закона на казахском и русском языках, направлен в Комитет по языкам и прилагается к данной статье.

Ж О Б А

«Мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру туралы»

Қазақстан Республикасының Арнаулы заңы.

Осы арнаулы заң Қазақстан Республикасының Конституциясының 7, 93 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығын, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасау жөніндегі міндеттерінің және Республиканың өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы осы мәселеде Республика азаматтары алдында жауаптылығының құқықтық негізін белгілейді, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қамтамасыз етеді.

I тарау. Жалпы ережелер.

Негізгі ұғымдар:

Арнаулы заң - болашақты көздейтін, Конституцияның біртұтас мәнінен тыс шығарылған, арнайы, өзі реттейтін тиісті мәселесі Конституцияда көзделген нормативтік құқықтық акт.

Қазақстан Республикасының азаматтары - Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңның күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын, осы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар.

Еркін - Қазақстан Республикасының азаматтарының тәуелсіз, ерікті, өз бетінше, еш кедергісіз, қалауынша мемлекеттік тілді меңгеруі.

Тегін - Қазақстан Республикасының азаматтарының республикалық, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен ақысыз, пұлсыз, төлеусіз мемлекеттік тілді меңгеруі.

Мемлекеттік тіл - тұрғылықты халықтың және Қазақстан Республикасы азаматтарының басым көпшілігінің тілі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл- қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл - мемлекетте және азаматтық қоғамда мемлекеттік басқару, заң шығару, сот төрелігінде, жергілікті өкілді және атқарушы, өзін-өзі басқару органдарында, барлық ұйымдарда, меншік нысанына қарамастан, жұмыс, іс жүргізу, қызмет көрсету, іс қағаздары мен актілердің, статистикалық - есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу, іскерлік қарым-қатынас, тәрбие, оқу, шығармашылық тілі.

Мемлекеттік тілді меңгеру - мемлекеттік тіл- қазақ тілін еркін әрі тегін негізде игеру, оның қыр-сырын жақсы білу, түсіну, жазып оқи білу, жаттығу, көңілге тоқи білу.

Мемлекеттік тілді еркін меңгерген - Мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру барысында Мемлекеттік комиссияға емтихан тапсырған, қазақтың әдеби тілін игергенін, қоғамдық өмірде қазақ тілінде түсінісіп, пікір алысарлық, ой бөлісерлік, мемлекеттік қызметті қазақ тілінде атқара алатын мүмкіндігін қоғам алдында дәлелдеген Қазақстан Республикасының азаматы.

Барлық азаматтар - бүкіл, түгел, барша Қазақстан Республикасының азаматтары.

Ұйымдастырушылық жағдай - мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруді ұйымдастырып, жүзеге асыруда ұйытқы, жетекшілік қызмет атқару.

Материалдық жағдай - Республикалық және жергілікті өкілді, атқарушы органдардың бюджет қаражаты, материалдық игіліктер.

Техникалық жағдай - құрал-жабдықтар кешені.

Жағдай - Қазақстан Республикасының азаматтарының мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруге қолайлы мүмкіндік, нақтылы қалып, ыңғайлы жай-күй жасау.

Бәрін - барлық, барша, тегіс, түгел қажетті жағдайлар

Жасау - заңда көзделген жағдайларды бәрін жүзеге асыруға іс-әрекет, қызмет ету.

Міндет - атқарылуға, орындалуға тиісті қызмет, борыш.

1-бап. Мемлекеттік тілді меңгеруде **азаматтардың құқығы.**

Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруге құқығы бар.

Республика Конституцияда және осы арналуы заңда, және өзге заңдарда көзделген ретте азаматтардың осы құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Республика азаматы мемлекет органдары мен лауазымды адамдарының алдында өзінің құқығын Конституцияға қолданыстағы құқыққа сәйкес қамтамасыз етуге талап қоюына құқығы бар.

Республика азаматы мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығын сотқа арыз беру арқылы қорғалуына құқығы бар.

Республика азаматтары өздеріне берілген мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығын өз қалауынша пайдаланады. Азаматтардың өздеріне берілген осы құқығын жүзеге асырудан бас тартуы, заң құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтың тоқталуына әкеп соқтырмайды.

II тарау. Міндеттер мен орындаушылар.

2-бап. Республика міндеті.

Республика өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

Республика өзінің барлық меншігі, мемлекеттік активтері, бюджеті, ұлттық қорымен осы борышын орындауға жауапты.

3-бап. Үкімет міндеттері.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Конституцияның 7, 93 бабтарындағы және осы арнаулы заңда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруда барлық жағдайды жасауға міндетті.

Үкімет - мемлекет пен азаматтық қоғамда осы істі Республика атынан ұйымдастыруға, материалдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуге, қоғамдық пікірді қалыптастыруға жауапты мемлекеттік орган.

Үкімет Конституция мен мемлекеттік бағдарламада, осы арнаулы заңда аталған, белгіленген мақсатты қамтамасыз етуге негіз болатын, нормативтік құқықтық актілерді осы арнаулы заң қабылданған сәттен бастап заң жобасы жұмыстарының перспективалық және жыл сайынғы жоспарына енгізуге міндетті.

Үкімет әрбір жыл сайын республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті қаржының бөлінуін арнайы баппен кіргізуіне міндетті.

Бөлінетін қаржы көлемі барлық ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға жеткілікті болуы тиіс.

Қаржы жылында бөлінген бюджеттік қаржы кесіліп тастауға, қысқартуға жатпайды.

4-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар міндеті.

Республика аумағындағы барлық жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз өңірлерінде Қазақстан Республикасының азаматтарының мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру құқығын қамтамасыз етуге Республика мен азаматтар алдында жауапты.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар заңдарда көзделген өз бюджеттерінің қаржы қорынан мемлекеттік тілді меңгеруге қажетті ұйымдастырушылық, материалдық, техникалық жағдайлар жасауға тиісті қаржыны бөлуге міндетті.

Бұлар мемлекеттік тілді меңгеру Республикалық Орталығының филиал-орталықтарын барлық қажетті материалдық және техникалық жабдықтармен бірге, элемдік қалыптарға сәйкес келетін ғимараттармен қамтамасыз етуге міндетті.